

**БЕКІТЕМІН**  
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ**  
**Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар**  
**жөніндегі проректор**  
**С.Мәжінбеков**  
«24» 01 2020г.

**М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН**  
**МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**АДАЛДЫҚ ДҮКЕНІНІҢ ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынындағы Адалдық дүкенінің ережесі (әрі қарай – ереже) – М.Әуезов атындағы ОҚМУ Академиялық адалдық ережесі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп кодексі негізінде дайындалған және М.Әуезов атындағы ОҚМУ қызметінің, білім алушыларының дүкен жұмысына қатысты барлық іс-әрекеттері нормасын қамтиды.

Университет басшылығы және «Парасат» басқармасы Адалдық дүкені ережесінің сақталуын талап етеді. Ереже талаптарына қайшы әрекет немесе әрекетсіздіктің кез-келген көрінісі университет құндылықтары жүйесіне қайшы келеді.

**Адалдық дүкені** – университет қызметкерлері мен білім алушыларын қажетті кеңсе тауарларымен, бірінші кезекте қажетті заттармен қамтамасыз ететін және өзіне-өзі қызмет көрсету қағидасы негізінде жұмыс жасайтын дүкен.

**2. Адалдық дүкенінің мақсаты**

Адалдық дүкенінің мақсаты – университет қызметкерлері мен білім алушыларын адалдыққа, тазалыққа, жауапкершілікке баулу, шыншылдыққа бағыттау және жастар бойында адалдық қасиеттерін нығайта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру.

**3. Адалдық дүкенінің міндеті**

- Адалдық дүкенінің міндеті:
- М.Әуезов атындағы ОҚМУ қызметкерлері мен білім алушылары арасында сенім атмосферасын қалыптастыру;
- қызметкерлер мен білім алушыларына өздерін жақсы, адал адам ретінде танытуға мүмкіндік беру;
- жеке жауапкершілікті сезінуіне жан-жақты ықпал ету;

#### **4. Дүкен сатып алушысы іс-әрекетінің нормасы**

Адалдық дүкенінің сатып алушысы өзіне қажетті заттарды алып, алынған тауар үшін ақшаны кассалық жәшікке қалдырып, есеп айырысады. Қажет болған жағдайда ақша қайтарымын касса астында орналасқан тартпадан алады. Дүкенде сатушы жоқ, затты сатып алушы өзіне-өзі қызмет көрсетеді.

Дүкен сатып алушысы адалдық, әдептілік, жеке жауаптылық қағидаларын ұстанады.

#### **5. Адалдық дүкенін тауармен қамтамасыз ету**

Адалдық дүкені алғашқы қажетті тауармен ерікті кәсіпкер қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Кассаға түскен қаражат есебінен әрі қарай тауар толықтырылып отырады. Дүкен кассасының, сатылған және қайта толықтырылған тауарының есебін «Саналы ұрпақ» клубы мүшелері жүргізеді. «Парасат» басқармасы дүкеннің қалыпты жұмыс жасауын бақылайды.

#### **6. Адалдық дүкенінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Университет қызметкерлері мен білім алушылары парасаттылық пен адалдық, шыншылдық қағидаттарын ұстанып, дүкен тауары үшін жауаптылықта болады.

Адалдық дүкенінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты бейнебақылау камерасы жұмыс жасайды.

#### **7. Жауапкершілік**

Адалдық дүкені ережесі нормаларын бұзу университет қызметкерлері мен білім алушыларына тиісті шаралар қолдануға негіз болады.

Адалдыққа жат әрекет орын алған жағдайда «Саналы ұрпақ» клубы мүшелері мен Парасат басқармасы тарапынан тиісті акт түзіліп, университеттің Академиялық адалдық жөніндегі комиссиясы қарауына беріледі. Комиссия адалдық талаптарының бұзылуы дәлелденген жағдайда тиісті шара қолдану бойынша шешім шығарады.